

Әкімдердің шешімдері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1993 жылғы 12 мамырдағы N 0172

1. Облыстардың, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдері өздері қабылдаған шешімдердің көшірмесін Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратына ай сайын жіберіп тұруды қамтамасыз етсін.

2. Ұйымдық-инспекторлық және аумақтық даму бөлімі Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлімдерімен бірлесіп, жоғарыда аталған шешімдердің қолданылып жүрген Заңдарға, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Жарлықтарына және өзге де актілеріне сәйкестілігін уақтылы зерделеп, қажеттігіне қарай сараптау жүргізіп отырсын.

Премьер-министр